

# Сайынын қазақ сағынған екен

Астанадагы Қазақ Үлттүк  
Өнер университетіндегі  
казактың классик жазушысы  
Сайын Мұратбековтің  
тұғанына 80 жыл тулуына  
орай еске алу кеші отті.

**Әларбек**  
**НУРҒАЛЫМУЛЫ,**  
*«Едемен Қазақстан»*

Канша дегенмен, онгер ордастың той, кештің өрнегі езгеше болды. Актерлік мамандықта оқытЫн студенттер жазушының аныға айналған «Жусан исіс», «Жабайы алма» шығармалары желісімен сақналашқан койылым көрсетті. Эр жанрдың езіндік ерекшелігі де осы шығар, 10-15 минуттық сақналашқан койылым кешегі алапат соғыс уақытындағы казақ ауылы, каншама армандары көкіретінде тұншықкан казак балаларының ішкі жан-дүниесі, тіпті, кара каныштын («Жабайы алма» шығармасындағы) тағдырымен астастырыла баяндалған ауылы жан мен аяусыз тіршілік айқасын көз алдыңызға алып келгенде жаңарлардан еріксіз жас домалайды екен-ау... «Бұл Сайын шығармаларының шынайылығы, шынайы болғанда, қазактың боямасыз шынайы жан-дүниесі.



Сондықтан да Сайынды оқып отырып шын күлесін, Сайынды оқып отырып шын жылайсын» депті алдын аза дайындалған бейнеле көріністе осы оку орының профессоры, кешті еткізуғе мұрнандық болған жазушы-драматург Роза Мұқанова.

Айтулы кештің торінде Сайынның жан досы, жазушы-драматург Әкім Тарази, академик Сейіт Қасқабасов, Мырзатай Жолдасбеков бастиған ақсакалдар отырғаны өз алдына бір мерей. Мемлекеттік сыйлықтың иегері, акын Несілбек Айтұлы кеш-

шымылдығын әйгілі «бес тапанға» (Әкім Тарази, Сайын Мұратбеков, Калихан Ыскак, Рамзан Токтаров, Қабдеш Жұмадилов) ариған елеңімен ашип, ары қарай Сайын жайында сағыныш пен сырға толы әнгімелер айтылды. «Сайын еткір тақырып, етпелі тақырып деп әрнеге үрынбай, тек адам бойындағы қоғам қалай өзгерсе де өзгеріссіз кала беретін сезімдер мен құнды күнділіктерді жазы» деді Сауытбек Абдрахманов. «Шығармашылық адамдары қызық, бір тобының шығармасы әлсіздеу, бірақ адамшылығы,

мәденисті көремет болады. Ал екінші тобының шығармасы ғажап болғанымен, езінде Құдай сүйер қылғызы жок, итмінез болады. Ал Сайын ушинші топ. Шығармасы да, озі де ғажап» дейді Баянғали Элімжанов. Сондай-ақ, сез сейлеушілер Роза Мұқанованың Сайын туралы «Егемен Қазақстан» газетіндегі жарық корген «Классик» атты макаласын ерекше ықыласпен атады.

Әсерлі кештің сонында Сайынның тұган жері Талдықорғаннан келген тұган-тұстары жүрт алдына шытып, кешті ұйымдастырушыларға ризашылықтарын айтты. «Бір университеттің бір кафедрасы («Өнертану» кафедрасы) үйімдастырып отырган кешті осындағы әсерлі, осындағы бінкі деңгейде болады деп ойламан едік...» деді жазушының інісі Фалым Мұратбеков. Ал Сайынның қарындастырылған Майра Мұратбекова ағасының жан досы Әкім Таразиды сақнага шақырып шапан жанты. «Ағамның көзіндейсіз, аға, сізді көрем де ағамды көрем...» деген тебіреніске толы жүрек созініп көп нүктесін кірпік ұшындағы молдір моншактармен койды.

Әкім аға үнсіз...

Сайынның қазагы сағынған екен...